




- Тақырыбы: Жедел респираторлы вирусты инфекция

- Орындаған: Ермахан Ф.
- Факультет: ЖМ
- Топ: 51-2
- Тексерген: Ахметова Г.Ж.

Анықтама

- ЖРВИ-жедел респираторлы вирусты инфекция.Өте кең таралған, тыныс жолдарының зақымдануы және интоксикациямен көрінетін, антропонозды, ауалы-тамшылы жолмен берілетін жедел респираторлы вирусты инфекция болып табылады. Ол озінде тұмау, мұрын-жұтқыншақ жолдарының инфекцияларының асқынуы және ЖРВИ бактериямен асқынуымен жүреді. Осы терминмен тыныс жолдарының локализациясына байланыссыз, яғни риниттен пневмонияға дейінгі жедел спецификалық емес инфекциялық ауруларын біріктіру болып табылады.

- ЖРВИ көптеген қоздырғыштармен шақырылады. Оның ішінде парагрипп, грипп, аденовирусты инфекция, риновирус, реовирус және т. б.



ЖРВИ-мен көбінде жас балалар жиі ауырады, осы ауруға сезімталдық 6 айдан 3 жас аралығында жоғары болады, өсе келе антидене қалыптасып ауыру қауіпі төмендейді. Сонымен қатар 1 жас пен 5 жас аралығындағы балаларда жиі ауырады, себебі аналық және қалыптасқан иммунитеттің жоғалуына байланысты.



ЖРВИ жылдың суық мезгілінде дамиды, яғни қазан айынан сәуір айы аралығында және ақпан айында өршумен. Микоплазмамен шақырылған инфекциялар күз айының басында, ал пневмококкты және стрептококкты А тобының инфекциялары көктем айында өршиді.


Патогенез:

- 1. Аурудың бастапқы кезеңінде вирус тыныс жолдарының кіреберіс қақпағында дамиды, яғни мұрында, жұтқыншақ және көмейде. Ол мынадай симптомдармен көрінеді:
 - -құрғақ жөтел
 - -мұрынның бітелуі
 - -ашу сезімі. Кейде бұл процеске көздің шырышты қабаты мен асқазан-ішек жолы қатысады. Температура жоғарыламайды.
- 2. Кейін вирус қанға түсіп жалпы интоксикация симптомдарын шақырады:
 - -озноб
 - -бас ауыру
 - -арқа мен аяқтарында ауырлық сезімі.
- 3. Соңғы кезеңінде асқынбаған ЖРВИ тыныс жолдары вируспен зақымдалған эпителий қабатынан тазалану болып табылады. Ол мынадай симптомдармен көрінеді:
 - -ылғалды жөтел
 - -шырышты қақырық

ЖРВИ симптомдары:

- әлсіздік
- жарықтан қорқу сезімі
- озноб
- буын және бұлшық етте ауыру сезімі
- бас ауыру
- терлегіштік
- кұсу,жүрек айну
- дауысының қарлығыуы,қырылдауы
- жөтел
- тамақта ауыру сезімі

- мұрынның бітелуі,
- тамақтың жыбырлауы,
- дауыстың қырылдауы,
- дене қызуының көтерілуі,
- әлсіздік,
- бұлшықеттердың ауырсынуы және т.б.



- Лимфаденит-(аденовирусты РС-вирусты инфекцияда болуы мүмкін).
- Бауырдың ұлғаюы -(аденовирусты РС-вирусты инфекцияда болуы мүмкін).
- *Қосымша симптомдар:*
- -психотикалық жағдай
- -тырысулық ұстамалар
- -галлюцинациялар
- -қан тамырында бұзылыстар(мұрыннан қан ағу,ұсақ нүктелі таңдайдағы геморагиялар).
- -гипертермиялық синдром
- -менингизм
- -энцефалопатия
- -айқын тыныс жеткіліксіздігі
- -ми ісінуі
- *Жиі байқалатын асқынулар:*
- -отит
- -екіншілік бактериялық,жиі вирусты пневмония
- -бактериальды синусит
- -тыныс жеткіліксіздігі
- -вирустан кейінгі астения синдромы(шаршағыштық,эмоциональды және психикалық бұзылытар)

Диагностика

- Клиникалық көрінісіне қарап диагноз қойылады. Жыл мезгілі мен эпидемия барысына қарайды.



Лабораториялық диагностика

Үш негізгі әдісі бар:

- " Экспресс диагностика:ИФА. Иммунофлюоресценция әдісі:
- " Вирусологиялық: науқастың мұрын ққысынан жағынды алынады, тауық эмбрионына жұқтырады, инкубациялық уақыттан кейін гемагглютинация реакциясын тексереді, вирус титрін гемагглютинация реакциясының тоқтауымен тексереді.
- " Серодиагностикалық әдісі.Ретроспективті әдіс болып табылады.Диагностикалық критеріі антидене титрінің қсуімен кқрінеді.

Госпитализациялауға көрсеткіш:

Мына көрсеткіштерге
қараймыз:

-ауырлық жағдайына

-асқыну жағдайына

-науқастың жасы 65 және одан
жоғары

-кішкентай балалар

-созылмалы аурулары бар
науқастар.



Госпитализацияны қажет ететін ауыр ағымдағы аурудың белгілері:

- тыныс жеткіліксіздігі
- бірінші рет анықталған тырысулар немесе неврологиялық симптом
- геморрагиялық синдром
- сусыздану
- 3 айға толмаған балалардағы бронхиолит
- жүрек-қан тамыр, өкпенің созылмалы ауруларының декомпенсация сатысы



Асқынуы:

- -ринит
- -синусит
- -отит
- -трахеит
- -пневмония
- -менингит
- -неврит

Дифференциалды диагностика

- *-грипп*: жедел басталады, температура жоғарылайды, ауыр ағымда өтеді.
- *-парагрипп*: жеңіл ағымда өтеді, жұтқыншақтың зақымдануымен .
- *-аденовирусты инфекция*: айқын басталады, ангина, лимфоаденопатия, көз конъюнктивасының зақымдануы, бауыр зақымдануы мүмкін.
- *-респираторлы-синцитиальды вирус*: бронхтармен бронхиолдардың зақымдануы, бронхопневмония дамуы мүмкін.
- *-ротавирусты инфекция*: диспепсиялық синдром

Емі:

- Жартылай төсектік режим
- Дезинтоксикациялық терапия
- Спирттік ерітіндімен сылау
- Жылы ванна
- Ыстықты түсіретін свечалар:Эфералган, цефикон,виферон,парацетомол
- СЕКҚ препараттар-(парацетомол, ибупрофен,диклофенак,Coldrex,tera-flu)
- Антигистаминді препараттар-(димедрол, супрастин,лоратидин)

Тамақты марганцовка, фурациллин, сода немесе түймедақ ерітіндісімен шаю, сонымен қатар ингаляция жасау: 300 грамм суды қайнату, оған 30—40 тамшы эвкалипт тұнбасын немесе 2—3 қасық картоп қабығын не ½ шай қасық сода қосу.



- Аяққа қыша қосылған ванна (5 — 10 мин.) жасаған дұрыс, содан кейін табанды қыздыратын маймен ысқылау керек. Дәрігер жазып берген дәрілерден басқа, итмұрын қайнатпасы, бүлдірген мен бал қосылған шай, жөке қосылған шай сияқты дәмді «дәрі-дәрмектерді» қабылдауға болады. Қатты жөтелде келесі тәсіл көмектеседі. Шикі тұрыпты жіңішкелеп турап, бетіне қант шашу. Содан пайда болған шырынды бір ас қасықтап сағат сайын қабылдау. Тұрыпты үккішпен ұсақтап, шырынын дәке арқылы сығу. 1 литр шырынды балмен араластырып, асқа отырар алдынды және ұйықтар алдында 2 ас қасық қабылдау. Балмен араласқан сарымсақ қабылдаған да дұрыс. Түнге қарай бір ас қасықты жеп, сосын су ішу ретінде аяқтаған дұрыс.



Қорытынды:

ЖРВИ емі мен профилактикасында қолданылатын дәрі-дәрмектер көп және әртүрлі. Осы жағдайда дәрігердің басты мақсаты дәріхананың сөрелерінде тұрған дәрілік заттармен шектеліп қалмау, және әр науқасақа индивидуальды бағытталған ем жоспарын тағайындау болып табылады.



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Справочник практикующего врача. А.И. Воробьева 2010 ж
- 2.Скорая медицинская помощь. А.Л. Верткин 2007ж
- 3.www.google.ru